

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
ЖШС «Жан Мерей» бақшасында өткізілген менгеруші жаңындағы
кеңестің

№ 1 Хаттамасы

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны:

18-қазан
2023 жыл

Күн тәртібінде

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы
2. Стандартқа енгізілген өзгерістермен таныстыру, ендіру.
3. Жаңа келген балаларды қабылдау, барлық балалардың психологиялық дайындығы.

Сөз алғандар: **Тұяқбайева П**

(мейірбике)

Нарсейтова А

(менгеруші)

(әдіскер)

Ересек топ тәрбиешілері Сарсенова А

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Нарсейтова А, жиналысты ашық деп жариялад, күн тәртібіндегі мәселелрмен тансытырды.

Бірінші мәселе бойынша: бақшаның әдіскері күн тәртібінің ұйымдастырылуын айтты. Біздің балабақшамызда жаңа оку жылына күн тәртібі ұйымдастырылған. Әр топ өз жас ерекшелігіне сәкестендіріліп жасалған. Күн тәртібін тиімді ұйымдастыру бала тәрбиесі тұрғысында өте пайдалы. Күндік режимді дұрыс ұйымдастыра білу- баланың өмірге бейімділігін арттырып, жұмысқа қабілетін күшейтеді, деңсаулығын жақсартуға әсер етеді, сондықтан тәрбиешілер күн тәртібін дұрыс ұйымдастырып орындауларының шарт деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Нарсейтова А, сөз алды. Жаңа мемлекеттік стандарт талаптарына орай топтардың жұмысын жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырып педагогикалық кадрларға қойылатын талаптармен, олардың біліктілігін арттырып және қайта даярлап, бала дамуының деңгейін жүйелі бағалап қамтамассыз етуіміз керек және нормативтік құжаттарды міндетті түрде орындан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының және мектепалды даярлық топтарының педагог кадрлары белгіленген тәртіпте қайта даярлаудан өтеді деді.

Шінші мәселе бойынша әдіскер – баяндады. Балабақшага жаңа келген балаларды балабақшага бейімдеу мерзімінде әр бала әр түрлі сипатта өтеді. Қалай болғанда да ата-анасынан 6-8 сағатқа ажыраудың өзі балаға ғана қын емес, оның анасы үшін де күйзелісті жағдай. Тәрбиешілер қаншалықты қамқор болса да, олардың ешқайсысы ана махабаты мен оның айрықша ықыласына бөлөндіре алмайды, себебі тәрбешілер екінші ана әрі орта есеппен 15-20 балаға ортақ. Кез-келген ана мұны жақсы түснеді. Балабақшага бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаның ұнауына көмектесетін қарапайым ережелерді айтып отырдым.

Жалпы балалар арасында «балабақша жағдайына көнетін» және «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.

Нәтижесінде жаңа келген балалардың балабақшага бейімделуі біздің балабақшага үйрене алмай қиналған бала болған жоқ. Барлық балалар тез үйреніп, әр бала өз тобына және тәрбиешісіне бауыр басып кетті. Оған балаларға бақшаның ұнағаны және тәрбиешілердің дұрыс әдіс-тәсілдерді қолданып, жақсы жұмыс жасағандарының нәтижесі. Демек балабақша көркейіп, жақсы жұмыс жүріп жатқандығын көрсетеді, - деп сөзін аяқтап, жиналыс соңында қаулы қабылданып шешім шығарылды.

Шешімі:

1. Күн тәртібінің ұйымдастырылуы әдіскерге жүктелсін.
2. ҚР «Білім туралы Заңнамасы» бапты оқып үйрену барлық тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Жаңа келген балаларды балабақшага бейімдеу жұмыстарын жандандыру әдіскерге жүктелсін.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:



Нарсайтова А
А.Сарсенова

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
ЖШС «Жан Мерей» бақшасында өткізілген менгеруші жанындағы
кеңестің

№2 Хаттамасы

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны:

20 - желтоқсан
2023 жыл

Күн тәртібінде

- 1.Денсаулық саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сақтау техникаларын жүзеге асыру
- 2.«Таным» саласы бойынша кіші топтарда көрнекіліктер сапасын тексеру
3. Топтардағы табиғат бұрышының жағдайы тақырыптық тексеру (байқау)

Тындалды: Балабақша менгерушісі Нарсейтова А, жиналысты ашық деп жарияладап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Бірінші мәселе ойынша «Денсаулық » саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сақтау техникаларын жүзеге асыру туралы балабақша әдіскері баяндама жасады.

- Балалардың желтоқсан айына дейінгі құзыреттілік деңгейін анықтау индикаторы бойынша «Денсаулық» саласының тақырыптық білімдерінің жалпы пайызы слайдтан көрініздер деп сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Нарсейтова А, кіші топтардағы балалардың «Таным» саласы бойынша іс-әрекетінің мазмұнын сараптады.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны:

- Сенсорика
- Құрастыру
- Қоршаған ортамен таныстыру ұйыдастырылған оку іс-әрекетінде жүзеге асады.

Сенсориканың негізгі мақсаты: заттардың ерекше қасиеті ретінде түсі, көлемді, пішінді атап көрсете білуге тәрбиелеу, осы қасиеттерді немесе сапаларды менгерту.

Міндеттері:

1. Балаларды заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аударуға үрнету, біркелкі нысандардың көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаудың қарапайым жолдарын қалыптастыру.
2. Балалардың өздеріне жақсы таныс нысандардың ерекшеліктерін жеткізе алуы үшін заттардың белгілерін өз әрекеттерімен қолдануларын бекіту.

3. Зат құралдарымен әрекет жасауларын, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Құрастырудың мақсаты: балаларды құрылым материалдарының негізгі түрлерімен таныстыру және қарапайым құрастыру іскерліктерін дамыту.

Міндеттері:

1. Түрлі құрылым материалдары, жеке құрылым материалдар бөлшектерінің пішіні, көлемі, олардың құрастыру қасиеттері туралы ұғымдарын қалыптастыру.

2. Кеңістік бағдарлау, қарапайым құрылым салу, оларды қалпына келтіре білуді дамыту.

Үшінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері топтардағы табигат бұрышының жағдайы тақырыптық тексеру (байқау) бойынша, қорытынды жасады.


Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1.Денсаулық саласы бойынша ересек топтарда денсаулық сактау техникарын жүзеге асыру жұмыстары қарқынды түрде жүргізілсін.

2.«Таным» саласы бойынша кіші топтарда көрнекіліктер сапасын тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

3. Топтардағы табигат бұрышының жағдайы тақырыптық тексеру (байқау) бойынша қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын. Қадағалау әдіскерге міндеттелсін.

Балабақша менгерушісі:  Нарсейтова А
Хатшы:  А. Сарсенова

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
ЖШС «Жан Мерей» бақшасында өткізілген менгеруші жанындағы
кеңестің

№3 Хаттамасы

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны:

12 - наурыз
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. ЕРЕСЕКтоптарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы, туындаитын қындықтар
2. Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар
3. «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту салыстырмалы тексеру. Ортаңғы топтар
4. Мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Нарсейтова А, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды, танымдық құзыреттілік арқылы баланың рухани адамгершілік, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу нәтижесін айтты.

ЕРЕСЕК топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы, туындаитын қындықтар туралы балабақша әдіскері – баяндады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудың өзектілігі бір ғана максатпен түсіндіріледі: дені сау, ақылды және мейрімді, терең ойлы бала қалыптасатындағы білім беру. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларында баланың жаңан-жакты дамуын көздейді. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамғ, отбасына, енсе, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Салыстырмалы тексеру қортындысы бойынша бастапқы деңгейге қарағанда ересек топта ілгеріндеу көзге көрініп тұр. ЕРЕСЕК «Жас қанат» - 2,7.

Екінші мәселе бойынша «Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар» туралы балабақша әдіскері баяндады.

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – атана. «Балапан ұяда не көрсе, үшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үнілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшеттіліп, бағытты жұмыс жүргізіліп, ұйымдастырылатын мерекелік іс-шараларға және топ жиналыстарына ата-аналарды таратудың қажеттілігі:

- Балалар маңызды жетістіктерге жетіп жүр;
- Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алып жүр;
- Ересектер мұғалім жұмысымен жақынн танысып, оны бағалай біледі;
- Ата-аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезініп жүр.

Үшінші мәселе, бойынша сөз алған балабақша әдіскері: «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту салыстырмалы тексеру қорытындылады. Ана тілінің базалық құндылықтарын менгеру және басқа тілдерде мәдени-әлеуметтік өзара қарым-қатынаска дайындау, көптілді тұлғаны тәрбиелу үшін жыл бойы жұмыстар жүргізілді. Мектепке дейінгі ересек жастағы бала сауат аша бастағанда өзінің тілін талдауға кіріседі және оның сөйлемдерден тұратынын біледі, ал сөйлемдердің жекелеген сөздерден, сөздердің буындардан, буындардың дыбыстардан құралатынын түсінеді.

Сауат ашудың бастапқы кезеңі – бұл баланың бойында тілге жана көзқарасты қалыптастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын үйрету, әр оку қызметке бағыттау жақсы нәтиже береді. Сөздерді буынға бөлдіру, сөздермен, сөйлемдермен таныстыру. Психологиялық тұрғыдан қарағанда, сауат ашудың бастапқы кезеңі – бұл баланың бойында тілге жана көзқарасты қалыптастыру. Тілдің өзі, оның сыртқы дыбыстық жағы таным нысанына айналады. Сондықтан сауат ашу кезеңінде фонемалық естуді, сөз тасқынындағы жеке сөздерді, сөздегі дыбыстарды айыра білу икемдігін дамытуға көп көңіл бөлінеді.

Сөздер мен жекелеген дыбыстардың дыбыстық бейнелерін қалыптастыру негізінде бала сөйлеу нормаларын менгере бастайды, оның дұрыс айтылуына көңіл бөледі. Сөздің дыбыстық құрамы ана тілінің грамматикалық құрылышын игеру кезінде де, сауат ашу тұсында орталық түйін болады.

Төртінші мәселе, мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі орныққан және толыққанды түрде жүргізілуде. Ертеңгіліктердің мәнді де сәнді өтілуіне жауапты ән жетекшілер екенін нақтылап өтті. Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. ЕРЕСЕК топтарындағы ұйымдастырылған іс әрекетін өткізу сапасы қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланып, туындастырылғанда оның алды алынысын.
2. Мектеп пен балабақша және отбасы қарым – қатынас жұмыстар
3. «Қатынас» саласы мнемокесте арқылы тіл байлығын дамыту бойынша, салыстырмалы тексеру қорытындысы – бойынша қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
4. Мерекелер қарсаңында балалармен жұмыс жасау жүйесі негізделсін. Қадағалау әдіскерге міндеттелсін.

Балабақша менгерушісі:  Нарсейтова А
Хатшы:  А. Саренова

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
ЖШС «Жан Мерей» бақшасында өткізілген менгеруші жаңындағы
кеңестің

№4 Хаттамасы

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны:

17 - мамыр

2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Салт – дәстүр үрдісінде адамгершілік қасиеттерін дамытуда қолданылатын сюжетті рөльді ойындар
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері
3. «Алақай, жаз келді» - жазғы шынықтыру – сауықтыру іс – шараларын талдау, техникалық қауіпсіздік.
4. Балабақшаның жеткен жетістіктері

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Нарсейтова А, жиналысты ашық деп жариялад, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Бірнеше мәселе бойынша сөз алған балабақша әдіскері, былай деді: Қазіргі кезеңде баланы тұлға ретінде қалыптастыру, оның бойына ұлттық әдел-ғұрып пен салт-дәстүр мұраларын сініру, имандылыққа тәрбиелеу бүкіл халықтық іске айналып, жүртшылық назарын аударуда.

Тәрбие тағлымы баланың нәрестелік шағынан бесік жырымен біртіндеп іске асырылып, санаына орнығып отыратын ұзак үрдіс. Сол себептен қоғам өміріндегі білім беру саласындағы әрбір жаңалық мектепке дейінгі тәрбиеге тікелей әсер етіп, тәрбие мазмұнын жаңарту ісіне ықпал жамап келеді.

Бағдарламаға сәйкес бейнелеу өнері сабактарына басшылық жасауда тәрбиеші баланың күнделікті өмірден алған әсерлері мен психикалық процестеріне: есте сактауы, қабылдауы, ойлауы, киялдауы және арнайы қабілеттілігінің дамуына ықпал етуін ескертуі тиіс. Бейнелеу өнері сабактарын ұйымдастыруда айналаны бақылату үшін саяхаттар мақсатты серуендерге апарады, көргендерін ой елегінен өткізіп, танымдық қасиеттерін дамытуды, баланың белгілі бір затқа немесе құбылысқа зейінін тұрақтандырып, бейнениң сипатына қарай іс-әрекет тәсілдерін таңдап алуға бағыттайды.

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері баяндады. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері өз деңгейінде, 6 топ тәрбиешілері балалардың жасерекшелігіне сәйкес ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті.

Үшінші мәселе бойынша бақшаның шаруа менгерушісі, балабақша қызметкерлерін жазғы сауықтыру, шынықтыру және балалар өмірі мен денсаулығын сақтау, техникалық қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқаулықтармен таныстырылды.

2023-2024 оку жылында балабақшаның жеткен жетістіктері талқыланып, кемшілік тұстары айтылды. Алдағы уақытта кемшіліктерге жол берілмеуін қатаң түрде балабақша менгерушісі ескертті.

Жиналыс сонында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. Салт – дәстүр үрдісінде адамгершілік қасиеттерін дамытуда қолданылатын сюжетті рөльді ойындар қоры толықтырылсын.
2. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері мен білім беру нәтижелері қанағаттанарлық деңгейде. Қадағалау жұмыстары әдіскер – Э.Кунаковаға міндеттелсін
3. «Алақай, жаз келді» - жазғы шынықтыру – сауықтыру іс – шараларын талдау, техникалық қауіпсіздік шаралары сақталсын, балабақша қызметкерлері толық таныстырылсын.
4. Балабақшаның жеткен жетістіктері қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.

Балабақша менгерушісі:  Нарсейтова А
Хатшы:  А.Сарсенова

